



# Алақөл

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№13 (8099) 30. 03. 2024.  
Сенбі / Суббота

## Наурыз тойы – Алакөлде

Наурыз мейрамы – ежелден қалыптасқан жыл бастауы. Күн мен түн теңеліп, жан-дүниені тірілген, шаруаның бір малы екеу болып, арқа-басы кеңіп, аққа аузы тиген, қытымыр қыстың ызғарынан құтылып, алдағы шуақты күндерден үміттендірген мереке.



Көне уақыттан көшпелі өмір салтын ұстанған халқымыз Наурыз мерекесіне барынша зор назар аударған. Бүгінде бұл дәстүр жалғасын тауып, құрып пен салтты сақтаудың жақсы жолы қалыптасты деуге болады.

Осы жолдың жалғасы ретінде Үшарал қаласындағы

Д.Қонаев атындағы орталық алаңда «Армысың, өз-Наурыз» деген мерекелік шара өтті. Табиғат ананың бусанып, тіршілік тірілетін жаңару айын алакөлдiктер бар сән-салтанатымен, жылы шырайымен қарсы алды.

Аудандық мәдениет үйі өнерпаздары сахналық қойылым қойып, мектеп оқушылары да би

билеп, күй тартып, ән шырқады.

Көктемнің шуақты күндерінен үміт күттіретін Ұлыстың ұлы күнінде аудан әкімі А.Абдинов өңір тұрғындары мен қонақтарын Наурыз мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Сондай-ақ Алакөл аудандық Мәслихатының 2024 жылғы 19 наурыздағы №26-2 шешімімен Мырзабек Рысбековке, Ғалым Алихановқа, Қазығұл Баядиловке және Нұрубек Маликбазаровқа Алакөл ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді.

Ауданымыздың тұрғындары мен қонақтарына жеке кәсіпкерлер, мекемелер қазақтың ұлттық тағамдары мен наурыз көже тарту етіп, ақ дастархан жайылды.

Тамыры тереңге бойлаған өз-Наурыз қашанда іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі. Жиын соңында З.Қойшыбаева атындағы мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарлама мен қазақтың төл дәстүрінен көрініс қойды.

А.СҮЛЕЙМЕН.



## Тұрғындарды қабылдады

Кестеге сәйкес, аудан әкімдігінің мәжіліс залында жеке қабылдау өтті. Бұл кездесуге аудан әкімінің орынбасары М.Төлеужанов, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекция бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы А.Жұмабеков, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы А.Садирбекова қатысты.

Жеке қабылдауға келген тұрғындардың бәрі дерлік тұрғын-үй мәселесі бойынша жүгінген. Кезектің алға жылжуы, үй алу мүмкіндігі секілді сұрақ қой-

ған азаматтарға тиісті мекеме басшылары жауап берді.

Бүгінде аудан жұртшылығын толғандырған бұл сұрақтың шешімі – біреу. Өз кезегін күтуден басқа амал жоқ. Себебі бүгінде кезек саны толықтай автоматтандырылған. Яғни кезекке жеке адам әсер ете алмайды. Ал кезектің баяу жылжуы берілген үйге байланысты. Үй тапсырылғанда белгілі бір әлеуметтік топтарға теңдей бөлінеді.

Дәл қазір Үшарал қаласында тағы бір 60 пәтерлі үйдің құрылысы жүріп жатыр.

А.ӘБИТҰЛЫ.

## Спорттық федерациялар құрылды

Ағымдағы жылдың 15 наурыз күні Жетісу облысы әкімінің орынбасары М.Көлбаевтың тапсырмасына сәйкес Алакөл ауданына қарасты барлық қала, ауылдық округтерде «Спорттық федерациясын құру және оның қызметі» бойынша жиын өтті.

Шарада 23 ауылдық округ, 1 қала тұрғындарының арасынан футбол, волейбол, баскетбол федерациясының президенттері сайланды.

Сайланған федерацияның президенті ауылдық волейбол, баскетбол, футбол спорттық ойындарын дамыту бойынша ауыл әкімі кеңесшісі қызметін қоса атқаратын болады. Жиын кезінде 30-ға жуық доп таратылды.

Аудан әкімдігінің баспасөз қызметі.



## Народные традиции

Михайловна, при поддержке народного музыкального коллектива « Станица». Был организован концерт с песнями и плясками, где принимали участие школьники и гости нашего праздника. Так же, во дворе школы проходила ярмарка, на которой дети продавали разные кондитерские изделия собственного приготовления, и конечно же, главным украшением столов были вкусные, золотистые блины!

Почему именно блины стали главным угощением на масленицу? В действительности Масленица – это древний праздник, и

есть лепешки, то стали печь блины. Есть и поговорки, которые показывают суть праздника: блины - братья солнцу; Масленица без блинов - как именины без пирогов.; если съест блин, то приблизишь весну.

В древние времена Масленица праздновалась как начало Нового года. Именно с приходом весны, когда все кругом обновлялось и просыпалось после долгой, холодной зимы, считалось что наступает новый год. Праздновался этот праздник семь дней. Люди ходили друг к другу в гости, одеваясь

## Щедрая, широкая Масленица

Ждали Масленицу год, Вот она уже идет! Встретим мы ее блинами, Оставайся дольше с нами!

Масленица – самый яркий, веселый, весенний праздник, который мы празднуем целую неделю! Праздник, когда провожают зиму и встречают весну. Больше всего этот праздник ждут дети, радуясь возможности поводить хоро- воды, поиграть в интересные игры, принять участие в ярмарке.



Организатором нашего школьного праздника в селе Лепсинск стала учитель русского языка и литературы - Абузярова Лариса

люди этой веры восхваляли бога солнца. Поэтому еще с тех времен начали на праздник делать вкусные лепешки, когда надоело

понаряднее, устраивая игры и состязания, угощая друг друга блинами с различными начинками

Завершением праздника считается сжигание чучела Масленицы, которое символизирует уход за зиму. Готовиться оно заранее, на нем очень много разнообразных пестрых лоскутов. После сжигания чучела по преданию и наступает долгожданная весна, а холодная зима отступает до следующего года.

С. ДЖАНБАЕВА, педагог.



## Әдеп кодексі – әдептілік әліппесі

Мемлекеттік қызмет – бұл қоғам өмірінде аса маңызды орынға ие, өзіндік артықшылығы бар, еліміздің өзгелермен терезесін тең ұстауға негіз болар тірек салалардың бірі. Ал осы қызметтің көшінде жүрген азаматтардың сол атақ пен лауазымға лайықты болуы, әдептілік нормаларын толық сақтауы аса маңызды іс.

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметкерлердің менталитетін жаңаша қалыптастыруға зор үлес қосары сөзсіз. Бұл құжатта мемлекеттік қызметтің қоғам өміріндегі рөлі, мемлекеттік қызметшілердің ұстанымдары мен қоғамның аталған қызметке,

мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылу қажет екені айшықталған. Бұдан бөлек мемлекеттік қызметшілердің жүріс-тұрыс ережелері қызметтік әдеп стандарттарында көрініс тапқан.

Атап айтқанда, қоғамдық кеңістіктегі мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен және әріптестерімен ресми қарым-қатынастағы, жұмыстан тыс уақыттағы қызметтік әдебінің стандарттары. Мәселен, мемлекеттік қызметшілер қарапайым болуға, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтауға, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға міндетті. Сонымен бірге

азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік танытуы, дерекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеуі, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмауы тиіс.

Қоғамда болып жатқан өзгерістер мен күнделікті өмірдегі жекелеген факторлар мемлекеттік басқару жүйесін жаңаша ұйымдастыру қажет екендігін ұғындырып отыр. Мемлекеттік басқаруды жаңаша ұйымдастыру – Жаңа Қазақстанды қалыптастыру жолындағы басты фактор.

Осыған байланысты қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттырып, халықпен кері байланысты жақсарту бағытында жұмыс атқарылуда.

Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Әдеп кодексі қызметтік әдеп нормаларын дұрыс түсінуде және қолдануда ерекше маңызға ие.

Мемлекеттік қызмет жүйесінде қалыптасып отырған бірқатар сын-тегеуріндерді шешу Әдеп кодексін жаңа редакцияда қабылдауға басты себеп болды. Жаңа Әдеп кодексі – ең алдымен қызметтік әдеп стандарттарын белгілеуге бағытталған және мемлекеттік қызметшілердің бойында моральдық-адамгершілік қасиеттерді орнықтырудың негізі.

**Мұрат АХМЕТОВ,**  
Ақтүбек ауылдық округінің әкімі.

## Алакөлдік кәсіпкер жеңімпаз атанды

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты қазақстан халқына Жолдауын кеңінен насихаттау мақсатында «Bilim-orkenietі» орталығы және «Жаңа Қазақстан» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «ҚР үздік іскер әйелдері» атты республикалық форум және байқау өтті.



Бұл іс-шараның мақсаты: Тәуелсіздік жылдары еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуына барлық салада үлес қосып жүрген ханымдарды қоғамда кеңінен насихаттау, жастарға үлгі ету.

Осы байқауға қатысқан жерлесіміз Раиса Досмагулова топтан суырылып шығып, жеңімпаз атанған. Жеңімпазға «ҚР Үздік іскер әйелі» деген төсбелгі,

төсбелгінің куәлігі, «ҚР Үздік іскер әйелі» статуеткасы, Құрмет грамотасы берілді. Сондай-ақ кәсіпкерге қолдау көрсеткені үшін мекеме басшысының атына Алғыс хат табысталған. Байқаудың марапаттау рәсімі Астана қаласындағы конференцияда өткен.

**А.ӘБИТҰЛЫ.**

## Мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттары

Мемлекеттік қызмет – еліміздің дамуы мен әлемдік бәселестікке лайықты болуының негізгі кепілі. Яғни, мемлекеттік саясат, оны жүзеге асырудағы қарымды қадамдар республикамыздың жаһандық нарықтағы тұғырының теңселмеуіне тікелей әсер етеді. Бұл ретте осы саланың со- йылын соғып, үзеңгісін ұстаған қызметкерлердің иығына артылған жүктің салмағы ауыр екені сөзсіз.



Заман сұранысына сай мемлекеттік қызметтің де өзіндік қағидаттары бекітілген. Демек бұл мамандықты меңгерген тұлғаның өзін ұстауы, өзгелермен сөйлесуі, әдеби мен жүріп-тұруы заң аясында қадағаланған.

ҚР Мемлекеттік қызмет туралы Заңының 4 бабында негізгі қағидаттар мен жауапкершілік тізбегі толықтай көрсетілген. Олар: заңдылық, қазақстандық патриотизм, қызметтің тиімділігі, ашықтығы мен нәтижелілігі, кәсібилік, оның жеке еңбегі мен жетістіктерін мойындау, бақылауда болуы мен есептілігі, қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе лауазымдық өкілеттілігін асыра пайдаланғаны үшін жауаптылығы, әдептілігі, құқық бұзушылыққа төзбеушілігі, қоғамдық пікір

мен жариялылықты ескеру, заңмен қорғалатын немесе мемлекеттік құпияларға берік болу, еркіндік құқықтары мен әлеуметтік құқықтары, жұмысын үлгілі және жоғары деңгейде атқарғаны үшін көтермелеу, жаңа дағдыларды қабылдауы мен тың дүниелерді үйренуге, оқуға мүмкіндік ашу сынды артықшылықтардан тұрады.

Шыны керек, мемлекеттік қызметші – ол қоғам айнасы. Билік пен бұқара арасындағы – алтын көпір. Алдына келген адамның жағдайын түсініп, оның мәселесін шешу жолында барынша заңды әрі тиянақты қызмет етуі аса маңызды. Әдеп кодексін сақтай отырып, сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермей, өз құзіреттілігі шегінде ғана шешім қабылдап, қоғам мүддесін бірінші орынға қойғаны жөн. Сонда ғана ол өзін нағыз мемлекеттік қызметші, абыройлы маман ретінде таныта алады.

Еліміздің дамуы осында ғұмыр кешіп жатқан әр адамның еңбегімен сабақтасып тұр деуге толықтай негіз бар. Біз жалпы қазақстандықтар болып мемлекетіміздің ертеңін баянды етуге жұмылуымыз қажет. Әсіресе мемлекеттік қызметтің тізігін ұстаған азаматтарға артылар жауапкершілік мүлдем өзге. Сондықтан да қара бастың емес, халықтың қамы үшін еңбек етудің маңыздылығы зор.

**Нұрлан БЕЙСЕМБАЕВ,**  
Бескөл ауылдық округінің әкімі.



## Майдангер ұстаз ұлықталды

Ұстазды ұлықтау – шәкіртке аманат. Жайпақ ауылында ұлағатты ұстаз, Ұлы Отан соғысының майдангері Нұрғызарын Тайботаұлының туғанына 100 жыл толуына орай, «Ғибратқа толы ғасыр-ғұмыр» деген тақырыпта еске алу кеші өтті.

Бұл іс-шара Жайпақ ауылындағы Нұрғызарын Тайботаұлы қызмет еткен М.Төлебаев атындағы орта мектепте болды. Салтанатты жиынға ардақты ұстаздың шәкірттері, ұжымдастары, мектеп оқушылары, ардагер ұстаздар, мектеп ұжымы және БАҚ өкілдері мен Нұрғызарын Тайботаұлының жары мен балалары қатысты.

Нұрғызарын Тайботаұлы Жайпақ ауылындағы орта мектепте алғашқы әскери дайындық және география пәнінен сабақ берген. Бірнеше буын шәкірт тәрбиелеп, Қазақ ССР ағарту ісінің озық қызметкері атанған.

Бұл іс-шараға мектеп оқушылары да құр алақан келмей, өз өнерлерін ортаға салды. Бірі өсем әнмен қонақтарды бір

серпілтіп алса, домбырашылар күйден шашу шашып, жоғарғы сынып оқушылары әскери дайындықтағы қоян-қолтық ұрыстан қойылым қойды. Сондай-ақ автоматты құрап - жинау бойынша облыстық жарыстарда жүлдегер болып жүрген оқушы іс жүзінде мықтылығын тағы бір дәлелдеді.

Шара соңында Нұрғызарын Тайботаұлының жары мен балалары жиналған жұртқа рахметін айтып, Алғыс хаттар мен ақшалай сыйлық табыстады. Сондай-ақ география және алғашқы әскери дайындық сыныптарына арнайы ақшалай көмек көрсетті. Майдангер ұстаздың отбасы мүшелерінің айтуынша, бұл қаржылай көмектің басы ғана. Болашақта кабинеттерді жөндеуден бөлек, М.Төлебаев атындағы орта мектептің үздіктерден үздік шыққан оқушысына стипендия тағайындау да жоспарда бар. Бұл үрдіс биыл мамыр айынан басталады деп күтілуде.

**А.СҮЛЕЙМЕН.**

Еңбек адамы

Ұстаздық еткен жалықпас...



кал мырза 1961 жылы 4 сәуірде жазиралы Жайпақ ауылында дүние есігін ашқан. Бала күннен белсенді, үлкендердің атқарған жұмысына тыңғылықты қарап, өзі де үй шаруасына икемді қолғабыс ететін қағылез азамат болып ержетті. Білім ордасындағы ұстаздарын өнеге тұтып, болашақта мұғалім мамандығын мақсат етіп, 1984-1987 жылдары Талдықорғандағы ТИПТ-де техник-механик және өндіріс шебері мамандығын алды. 2002-2007 жылдары І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде алғашқы әскери дайындық және дене тәрбиесі мұғалімі дипломын қолына ұстады. Еңбек жолын Жайпақ ауылында жүргізуші болып

басқармасының Құрмет грамоталарын, Білім министрінің, елбасының, «Нұр Отан» партиясы басқармасының, аудан және қала әкімінің Алғыс хаттарын иеленіп, «Егемен еліміздің үздік ұстазы» атты республикалық байқауда жеңімпаз атанды. Қызмет жолы қаншалықты қиын болғанымен Байкал мырза отбасылық өмірді екінші орынға қойған емес. Жан жары Күлімхан Түсенқызы екеуі екі перзент есіріп, бар тағылымын соларға арнады. Қыздары Асем аудандық орталық ауруханада бухгалтер қызметінде. Ұжымына сыйлы, халыққа абыройлы маман. 4 баланы өмірге әкелген алтын құрсақты ана. Жолдасы Жарас екеуі қазіргі таңда ұрпақтарына бар тәлімін арнап, олардың аталары

Ұлылық та, ірілік те – ұстаздан. Қай заманды алсақ та адамзат баласының қалыптасу жолында ең алдымен ұстаздардың еңбегі бағалы. Себебі әріп танымай, оқулық бетіндегі жазудың мағынасын білмейтін баланы үлкен тұлға етіп жеткізетін де – мұғалімдер. Әр шәкіртін білім шыңына сүйреп, бар білген-түйгенін бойына сіңіретін ұстаздың алдында бәріміз де қарыздармыз.

Алакөл өңірі ұлағаттылық жолын жалғаған ұстанымы мықты ұстаздарға бай. Солардың қатарында ауданда өзіндік абырой мен атағын қалыптастырған, беделі бір төбе, білімі бір төбе болар Нусупов Саветхан Умерғалиевич бар. Қанатының астында талай оқушыны бағып-қаққан ағамыз 63 жастың мінберіне шығып, зейнеттік өмірге аяқ басып отыр.

1961 жылы Екпінді ауылында дүние есігін ашқан Саветхан Умерғалиевич ерте жастан өмірін ұстаздық саласымен байланыстыруды мақсат етті. Сөйтіп 1982 жылы Қарағанды педогогикалық институтына оқуға түсіп, 1986 жылы еңбек жолын Екпінді орта мектебінде алғашқы әскери даярлау және дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып бастады. 1994 жылы аталған мектеп директорының орынбасары, 1998 жылы Жыланды орта мектебінің директоры, 2006 жылы Қабанбай орта мектебінің директоры, ал 2015 жылдан Лепсі ауылындағы спортта дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының меңгерушісі болды. 2017 жылы



осы лауазыммен қатар мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары лауазымына тағайындалды. Өзінің өнегеге толы өмір жолында шәкірттерін білім шыңына сүйреп, тағылым мен тәлімге байытып келеді.

Ұлағатты ұстаз, білікті тәлімгер Саветхан Умерғалиевичті мерейлі мерекесімен құттықтап, зейнеттік жаста да жаңа белестерді бағындырып, өзінің даңқ биігінде мәңгілік қалуына тілектестік білдіреміз. Ұрпақтарының игілігін көріп, асқаралы әке, адал жар, ардақты ата болып, немере-шеберенің қызығына тоямай беріңіз. 63 жасыңыз құтты-қайырлы болсын.

**Лепсі ауылындағы спортта дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының ұжымы.**

Өнеге толы өмір

Біздің ғұмырлық сапарымыз ел үшін еткен еңбегімізбен айшықталып тұратыны айқын. Себебі артыңда қалған ізің неғұрлым ізгілікке толы болса, сол жолды салған адамның аты да мәңгілік бола бермек. Әсіресе халық мүддесін көздеп, өмірінің басым бөлігін ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұстаз атаулының еңбегі өшпес мұра. Сондай тұғырлы тұлғалардың қатарында Алакөл көпсалалы колледжі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Шаяхметов Байкал Нығыметұлының ерекше атап өтуге болады. Биыл кейіпкеріміз зейнеттік жасқа жетіп, мерейлі мейрамның мінберіне шығып отыр.

бастағанымен, жоғары білім алған соң 1987 жылдан бастап Алакөл көпсалалы колледжінде өндіріс шебері, механик, жатақхана коменданты, аға шебер, дене тәрбиесі мұғалімі, АӘД пәнінің ұстазы болды. 2012 жылдан бері аталған оқу орны директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Колледж ұжымында табан аудармай 38 жыл еңбек еткен ұлағатты ұстаз, білікті маман, ең бастысы ұрпақ тәрбиесіне ат төбеліндей мол еңбек сіңіріп отырған тұлға. Әр адам өз еңбегімен бағалы, соған қарай халықтың да алғысына бөленері сөзсіз. Байкал Нығыметұлы да өзінің қызметтік сапарында елдің ыстық ықпалына молынан бөленіп, басшылық тарапынан да талай марапат мінберіне көтерілді. Ы.Алтынсарин медалін кеудесіне тақты, Жетісу облысы әкімінің, облыстық білім

секілді арда тұлға болу үшін барын салуда. Ұлы Бағдат әкесінің жолын жалғап, ұстаздық дейтін ұлағатты қызметтің тұғырын көтеріп отыр. Жастарды білім шыңына сүйреуде өзіндік еңбегімен танылып жүрген азамат. Келіншегі Мөлдір екеуі қос ұлдың маңдайын иіскеп, бойларына өнеге дарытуда. Алты немеренің қызығына батып отырған Байкал Нығыметұлы биыл 63 жастың биігін бағындырып, бейнетінің зейнетін көретін жасқа жетті. Тұғырлы тұлғаның мерейлі мерекесі атақ-абыройын асқақтатып, даң-дақпыртын үстем ете берсін. Мінсіз өмірдің иесі болған Байкал мырза еліне әлі де талай еңбек сіңіретін сөзсіз.

**Айнагүл САДИЕВА, Алакөл көпсалалы колледжінің директоры.**

Арқарлы келіндері сайысты

Жуырда Арқарлы ауылында округ әкімдігі мен аналар кеңесінің ұйымдастыруымен ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу мақсатында «Пайпай, қазақтың келіндері-ай» тақырыбында сайысы өтті. Додада ауылымыздың салт-дәстүрлерін құрметтей білетін және оны күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолданып жүрген тәрбиелі, өнегелі келіндер бақ сынасты. Байқау шарттары қазақ халқының әдет-ғұрыпы мен болмысын көрсетуге арналған бірнеше тақырыптарды қамтыды. «Мен қазақтың келінімін» тапсырмасы бойынша әр қатысушы өзін және әулетін таныстырды. Қазылар алқасы қатысушылардың сахна мәдениетіне және киім үлгісіне мән беріп отырды.



Өзін-өзі таныстыруда Шырын келініміз ерекше мәнерімен, дарындылығымен көзге түсті. «Халқын сүйген – салтын да сүйеді» тапсырмасы бойынша Айгерім мен Мөлдір келіндеріміз салт-дәстүрге қатысты сұрақтарға өте тұшымды жауап қайтарды. «Өнерлі келін – өнегелі келін» бөлімінде Айгерім мен Шырын келіндеріміз мың бұралып билеп, көрерменді

тәнті етсе, Мөлдір М.Мақатаевтің «Ана» туралы өлеңін нақышына келтіріп оқып берді. Кештің сәнін келтірген ауыл клубының қызметкерлері Кишикбаев Жайдарбек пен Құсбеков Кенже өз өнерлерімен көрермендерді риза етті. Өнерпаз ұстаз, «Алтын алқа» иегері Булькендиқова Айнұрдың өнеріне де ел дән риза болды. 11 сынып оқушысы Ахметқалие-

ва Аружан «Ана» туралы әнді әдемі орындаса, биші қыздар сахнаның сәнін кіргізді. «Ана көрген тон пішер» тақырыбындағы «Шеберлік» тапсырмасы бойынша келіндер түрлі-түсті қағаздарды пайдалана отырып, өз қиялы бойынша ою өрнек пен гүл шоқтарын жасады. Бұл сайыста Мөлдірдің аналарға арналған гүл шоқтарына қазылар алқасы ризашылығын білдірді. «Менің келіндік өмірімнен бір сәт» тапсырмасы бойынша келіндердің отбасымен бірігіп көрсеткен театрландырылған көріністеріне көрермендер ерекше құрмет көрсетті. «Қонақ күте білесіз бе?» тақырыбы бойынша келіндер өз қолымен дайындаған ас тарту етті. Келіндер барлық тапсырмаға үлкен жауапкершілігін және ерекше дайындығын көрсете

білді. Сайысқа қатысқан ауыл келіндері қазақ келіндеріне сай әдептілігімен, білімімен, іскерлігімен ерекшеленді. Осындай сүйкімді де салихалы қыз тәрбиелеген ата-аналарына алғыс айта отырып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп жүрген келіндеріміз замандастарына үлгі болады деп ойлаймын.

Сайыс қорытындысы бойынша Мерекенова Мөлдір бас жүлде иеленсе, Қорабаева Айгерім «Тапқыр келін» атанды, Алдабергенова Шырын «Шебер келін» атағын алды. Сайысқа ауыл аналары Мұқанжанаева Бану, Атанаева Рамила және Сарқытбаева Динара қазылық етті. Қатысушыларға ауыл әкімдігі демеуші болып, бағалы сыйлық табыстады.

Округ әкімі Ерлан Төкенов қатысушыларды құттықтап, еңбектеріне табыс тілей отырып Алғыс хаттармен марапаттады. Осы сайыстың жақсы өтуіне «Аналар кеңесінің» мүшелері Сарқытбаева Динара, Шындалинова Индира, Мурсалимова Нұрғиса ерекше атсалысты.

**Сағила АЛТЫБАЕВА, Арқарлы ауылдық округі аналар кеңесінің төрайымы.**

# Терроризм және оның зардаптары



## Мемлекеттік қызметтің әдептілік қағидастары

**Мемлекеттік қызметші – жалпылай алғандай қоғамның айнасы деуге толықтай негіз бар. Саяси тұрғыдан ғана емес, адамгершілік принциптерімен алсақ та аталған сала мамандары үнемі өзіндік әдептілік қағидастарын қатаң қадағалауы қажет. Бұл олардың ортақ көріністерін, ұстанымдарын айқындайтын Әлеп кодексінен нақтыланған.**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2022 жылы Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің жаңа редакциясы бекітілді.

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарын белгілейді және қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастардың жоғары мәдениетін және парасаттылық ахуалын қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдепті емес мінез-құлқының жай-күйінің алдын алуға бағытталған.

Мемлекеттік қызметшілердің этикасы алты қағидаға негізделген. Бұл адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық және клиентке бағдарлану.

Мемлекеттік қызметшілер халықпен жұмыста барынша икемді болуға, жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын болуға және өз жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер оларға қойылатын талаптарды қатаң сақтауға тиіс. Кішіпейіл болу, азаматтармен қарым-қатынаста этика көрсету, дәрежелік, қадір-қасиетті қорлау, әдепсіздік және этикалық емес мінез-құлқы фактілеріне жол бермеу, өз тарапынан әрекеттері мен мінез-құлқымен сын тудырмау, іскерлік этика мен ресми мінез-құлқы ережелерін, іскерлік дресс-кодты сақтау, ұжымда өзара және конструктивтілікті сақтау, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау секілді талаптарға толықтай бағынуы қажет.

Мемлекеттік қызмет жүгін арқалаған әр маманның Әдеп кодексін сақтауы, адамгершілік шекарасынан аттамауы, өз жұмысын тиянақты, ұқыпты орындауы, ел мүддесі үшін еңбек етуі алдыңғы қатарлы шарт деп білеміз.

**Талғат КОБДИКОВ,  
Қамысқала ауылдық округі әкімдігінің бас маманы.**

жаңа технологияларды тез меңгеретін, жаңашылдыққа дайын болатын, жаңалықтар мен тың идеяларға серпін беретін қоғамның ең өзекті бөлігі жастар екендігі даусыз және де қоғамның ең сенгіш тобы.

Жат діни ағымның жетегінде жүргендердің санының артуы қарапайым халықтың діни сауаттылығының аздығынан немесе жоқтығынан туындайтыны мәлім. Дінге толық таныммен, біліммен келмей шала сауатпен келіп, өзінің қалай адасқанын аңғармай жатады. Теріс ағымға арбаушылар көбінесе өмірлік тәжірибесі аз, уақытша қиындыққа төзімсіз, діни сауаты таяз жастарды тартуға тырысады. Өйткені, білімсіз адамның аңғал, көңгіш, сенгіш, еліктегіш келетінін жақсы біледі.

Билікке жетуді көздеген террористтік топтар да түрлі әдістерді көздеген мақсатына жету үшін пайдаланады. Ислам дінінің атын жамылғандар әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтағы азаматтарды жаңылдыруға әуес. Дінге шақырып, діни идеологияны бойына сіңіріп, материалдық көмек көрсете отырып, сеніміне кіруге тырысады. Тұрақты табыс көзі жоқ азаматтар билікке деген теріс көзқарастары қалыптасып, террористтік топтардың арбауына еріп кетеді. Осы тұрғыда сәт-

ті пайдаланып, өз жоспарларын жүзеге асырады. Осы бағытта Алақөл өңірінде жергілікті атқарушы органдар, құқық қорғау органдары бірлесе отырып, құқық бұзушылықты алдын-алу, террористтік топтар мен діни экстремизмге қарсы жұмыстарын жүйелі атқарып келеді. Арнайы құрылған дін мәселелері жөніндегі ақпараттық-түсіндіру тобы білім ордаларындағы мектеп оқушылары, білімгерлер және аудан тұрғындарына терроризм мен экстремизмге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, кездесулер өткізіп, түрлі жат діни ағымдарды алдын-алуға бағытталған бейнероликтер жарияланып қана қоймай, ақпараттық үлестірме қағаздары таратылуда.

«Сақтансаң, сақтайды» демекші, әр қадамымызды аңдап, айналада болып жатқан оқиғалардан хабардар болу, өзіміз бен жақындарымыздың діни сауаттылығын, жат ағымдардың жетегіне еріп кетуін бақылап жүргеніміз абзал. Жат пиғылды адамдардың ықпалымен күресуде бүкіл қоғам болып атсалысуымыз керек. Олай болса әр нәрсеге терең білімділікпен, ақылмен, байыппен қарап, жат ағымның жетегіне еріп кетуден сақтанайық!

**Б. АЙТАХМЕТОВ,  
аудандық ішкі саясат,  
мәдениет тілдерді дамыту  
және спорт бөлімінің  
басшысы.**

## Жалпыға бірдей декларациялаудың артықшылығы

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда төрт кезеңнен тұратын жалпыға бірдей декларациялау енгізілді.

Жалпыға бірдей декларациялаудың бірінші кезеңі 2021 жылғы 1 қаңтардан басталды. Соған сәйкес декларациялауға жатады:

- Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары);

- Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары);

- Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары);

- «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына және «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы» «ҚР заңдарына сәйкес декларация тапсыру міндеті жүктелген тұлғалар.

Екіншісі - 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап декларациялауға келесі тұлғалар жатады:

бермеуге тиіспіз. Осы бағытта дұрыс үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, ел мүддесіне қызмет ету қажет», - деп атап өткен. Мемлекеттің тыныштығын сақтау мен ел тәуелсіздігін бекем ұстау үшін дінді саясатқа айналдырмай, жат діни ағымның жолын кесуге, террористтік ұйымдардың тамырына балта шабуға барымызды салғанымыз жөн. Ертеңіміздің баянды болуы бүгінгі ісімізбен, әрекетімізбен тікелей байланысты.

Қазақ халқы ежелден дін мен дәстүрін сабақтастырып, ұрпағына дұрыс тәлім тәрбие беруге тырысқан. Ислам дінінің құндылықтарын жеткізіп, балаға сенім мен хақ жолының туралығын түсіндірген. Қазіргі дамыған заманның, технологиялар мен жаңашылдықтардың кесірінен жат діни ағым насихатшылары да ғаламторды кеңінен пайдаланып, күн өткен сайын құйтырқы әрекеттерін жүзеге асырып келеді. Әсіресе, ислам атын жамылған түрлі жат ағымдар жастарымыздың санасын улауда. Түрлі

- Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері және олардың жұбайлары;

- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жұмыскерлері және олардың жұбайлары.

Үшіншісі - 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап. Оған сәйкес декларациялауға келесі жатады:

- Заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары) және олардың жұбайлары;

- жеке кәсіпкерлер және олардың жұбайлары.

Төртіншісі - 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап. Оған сәйкес декларациялауға келесі жатады:

- халықтың қалған санаттары. Жалпыға бірдей декларациялаудың басты мақсаты:

- Әлеуметтік саясатты жетілдіру;

- Көлеңкелі экономиканы қысқартуды қамтамасыз ету;

- Сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету;

- Бюджетке қосымша түсімдерді қамтамасыз ету болып табылады.

Жалпыға бірдей декларациялауға кіру кезінде жеке тұлғалар декларацияның өзінен және оған алты қосымшадан тұратын жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы Декларацияны кіру декларациясын, 250.00-нысан ұсынуы қажет. Содан кейін,

кіріс декларациясын тапсырғаннан кейін, келесі жылдан бастап жыл сайын кірістер мен мүлік туралы Декларацияны 270.00 - нысан ұсыну бойынша міндеттеме пайда болады.

Кірістер мен мүлік туралы декларацияда есепті күнтізбелік жыл ішінде алынған кірістер, салық шегерімдері, мүлікті сатып алу және (немесе) иеліктен шығару туралы мәліметтер, ҚР аумағынан тыс орналасқан шетелдік банктердегі банктік шоттардағы ақша, сондай-ақ елден тыс жерлердегі мүлік көрсетіледі.

Кірістер мен мүлік туралы декларацияны «салық төлеушінің кабинеті» (kgd.gov.kz), E-Salyq Azamat мобильдік қосымшасы, сондай-ақ Мемлекеттік кірістер органдарына келу тәртібімен қағаз жеткізгіште не ХҚКО-ға жіберіледі немесе пошта арқылы жіберіледі. Декларацияны электрондық түрде – келесі жылдың 15 қыркүйектен кешіктірмей табыс етіледі.

2024 жылдан бастап декларациялаудың үшінші кезеңі басталады. Активтер мен міндеттемелер туралы кіріс декларациясын жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары, заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары және қатысушылары мен олардың жұбайлары ұсынады. Активтер мен міндеттемелер ту-

ралы декларацияның табыс ету мерзімі, міндеттеме туындаған жылдың 15-ші қыркүйек айына дейін қағаз тасығышта немесе электрондық түрде табыс етіледі.

Аталған активтер мен міндеттемелер туралы декларацияға қандай мәліметтер көрсетеміз:

- Шет мемлекетте орналасқан (тіркеуге жататын) мүліктерді;

- 10 000 АЕК (10 000\*3692= 36 920 000) яғни 36 920,0 мың теңгеден аспайтын, қолма қол ақша болған жағдайда, соны көрсетеміз;

- Шет мемлекетте орналасқан банкте 1000 АЕК, яғни 3 692 000 тенгеден асатындай ақша болса соны көрсетеміз,

- жеке тұлғаның қалауы бойынша бағалау туралы есепте айқындалған құны болған кезде, бір бірлігі үшін бағасы 1000 АЕК яғни 3 692 000 теңге еселенген мөлшерінен асып кеткен жағдайда басқа да мүлікті көрсетуі мүмкін;

- инвестициялық алтын;

- бағалы қағаздар;

- тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын ғимараттағы үлес;

- банк берешегін қоспағанда, дебиторлық және кредиторлық берешек;

- зияткерлік меншік, авторлық құқық объектілері.

**Алақөл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.**

# Мы все в ответе за нее

Охрана природы – наше общее дело и чтобы ни происходило в природе в результате хозяйственной деятельности - мы все в ответе за ее настоящее и будущее. А ведь природа, богатая чистой водой и чистым воздухом, многообразием растительного и животного мира, положительно сказывается на состоянии здоровья людей. Именно она обеспечивает каждому жителю плодотворный отдых, эстетическое наслаждение ее красотой и поэтому заслуживает того, чтобы человек любил и берег ее. Именно с этой целью и создаются заповедники, заказники, национальные парки.



В жизни особо охраняемых территорий и вообще природоохранной деятельности вряд ли найдется праздник, который бы находил такой живой и творческий отклик, как «Марш парков». И в рамках этой акции в Алакольском заповеднике ежегодно проводится мероприятие «День Земли».

Международный День Земли отмечают 20 марта и 22 апреля.

Торжество, отмечаемое 20 марта приходится на день весеннего равноденствия. Первый имеет миротворческую и гуманистическую направленность, второй – экологическую. Этот праздник имеет мировую и альтруистическую цель, а кроме того, это момент прихода весны в Северном полушарии. Он был официально утвержден ООН еще в 1971 году.

День Земли – это специальное время, которое предназначено, чтобы привлечь внимание всех людей к осознанию планеты Земля как их общего дома, ощутить нашу всеземную общность и взаимную зависимость друг от друга.

Одна из первоочередных задач для сотрудников нашего заповедника это разъяснительная работа среди местного населения, также крестьянских хозяйств, прилегающих к заповедной территории. Отдел экологического просвещения, совместно с отделами охраны и науки проводит в школах района открытые уроки по вопросам охраны природы, мероприятия по посадке деревьев, субботники,



выпускают и раздают раздаточные материалы в виде буклетов и брошюр. Вся наша работа направлена на то, чтобы донести до каждого жителя района основную мысль – мы все в ответе за сохранение окружающей среды.

В настоящее время на территории заповедника, которая является настоящим «раем» для птиц, обитают 330 видов пернатых, в том числе 16 видов занесенных в Красную книгу Казахстана. Также встречаются 34 вида млекопитающих, 10 – пресмыкающихся, 18 – рыб и 288 видов растений.

В современных условиях охрана природы перестала быть делом отдельных стран и тре-

бует согласованных международных действий и признание Алакольского заповедника биосферным резерватом важный шаг в этом деле. Ведь сохранение биологического разнообразия экологических систем, уникальных природных комплексов, объектов природно-заповедного фонда, культурного и природного наследия РК – одна из важных задач государства на современном этапе.

**Е. ТЫНЫШТЫКОВ,**  
специалист отдела экологического просвещения Алакольского государственного природного заповедника.

## Профилактика вирусного гепатита А

В Алакольском районе за последние 3 года заметно превысился рост вирусного гепатита А. Гепатит А (болезнь Боткина, желтуха) — острое вирусное заболевание, которое вызывается вирусом гепатита А (HAV). Это одна из самых распространенных вирусных инфекций в мире. Многие переносят эту болезнь в детстве, что связано с большой распространенностью гепатита А в детских учреждениях дети переносят инфекцию значительно легче, чем взрослые, многие переносят бессимптомную форму гепатита А и приобретают пожизненный иммунитет.

У взрослых чаще встречаются тяжелые формы гепатита, требующие госпитализации, так как это чаще связано с различными сопутствующими заболеваниями.

Также риск заболеть гепатитом А выше у лиц, не соблюдающих правил личной гигиены, у людей контактирующих с больными гепатитом А.

Наибольшее распространение вирусный гепатит А приобрел в странах с теплым климатом и неудовлетворительными санитарными условиями (Турция, Египет, Средняя Азия, Индия и др.).

Вирус гепатита А передается от человека к человеку фекально-оральным путем, т.е. попадает в организм через рот с загрязненной пищей или водой, содержащей вирусы. В кишечнике вирус всасывается в кровь и попадает в печень, далее вместе с желчью выделяется из организма вместе с каловыми массами.

В развитии гепатита А принимает участие иммунная система человека, начинают вырабатываться антитела – вещества, вызывающие гибель

гепатоцитов, которые усиливают губительное действие вируса на клетки печени.

Инкубационный период вирусного гепатита А (период от заражения до первых проявлений заболевания) протекает бессимптомно или под маской другой болезни (гастрит, грипп, ОРВИ) и составляет 14 - 28 дней. Больной опасен для окружающих в последнюю неделю инкубационного периода и в первую неделю заболевания.

Основными симптомами вирусного гепатита А является повышение утомляемости и температуры тела, озноб, тошнота, горечь во рту, боль или чувство тяжести, дискомфорта в правом подреберье, потемнение мочи, обесцвечивание стула, желтуха.

Потемнение мочи наступает через несколько дней после появления первых признаков гепатита.

Желтуха (появление желтой окраски склер глаз, кожи тела, слизистой оболочки полости рта), как правило, появляется через неделю после начала заболевания, принося некоторое облегчение состояния больного. Нередко желтуха при гепатите А вовсе отсутствует.

При появлении симптомов, характерных для вирусного гепатита, необходимо сразу же обратиться к врачу.

Лабораторная диагностика проводится на основании биохимического исследования крови (повышение билирубина и печеночных ферментов) и серологического анализа крови, который выявляет наличие антител к вирусу гепатита А.

Основными принципами лечения является соблюдение диеты и симптоматическая терапия. Лечение проводится под контролем врачей-инфекционистов. Само-

стоятельное лечение не допустимо.

В течение всего периода болезни больного гепатитом А изолируют от коллектива (особенно важно в случае с детьми). Больной гепатитом А перестает быть заразным примерно после третьей недели болезни.

Гепатит А часто называют «болезнью грязных рук», так как не соблюдение правил личной гигиены значительно повышает риск заболевания. Чтобы избежать заражения,

- необходимо тщательно мыть руки с мылом перед едой;
- хорошо мыть под проточной водой фрукты и овощи;
- пить воду из проверенных источников;
- кипятить воду перед употреблением;
- Соблюдение правил личной гигиены;
- Содержать помещение дома в чистоте;

Но самым эффективным способом защиты от инфицирования было и остаётся своевременная вакцинация. Только иммунизация дает надёжную гарантию от заболевания вирусным гепатитом А. Отказы же от прививок повышают не только риск заражения инфекцией, но и увеличивают риск её тяжелого течения и развития осложнений.

Чем больше мы будем знать о инфекциях, которыми мы можем заболеть, тем лучше мы сможем защитить себя от них.

**Т. ШАЙПОВА,**  
ведущий специалист санитарно-эпидемиологического отдела Алакольского районного управления санитарно-эпидемиологического контроля.



## МЕРЫ ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Чтобы избежать пожаров в вашем доме, помните и соблюдайте основные правила пожарной безопасности:

При использовании отопительных приборов запрещено пользоваться электропроводкой с поврежденной изоляцией.

Не устанавливайте электроннагревательные приборы вблизи сгораемых предметов.

Не забывайте, уходя из дома, выключать все электроннагревательные приборы.

Не применяйте для розжига печей бензин, керосин, и другие легковоспламеняющиеся жидкости.

Следите за расстоянием от топочного отверстия печи до мебели, постели и других сгораемых приборов. Это расстояние должно быть не менее 1,25 м.

Не забывайте очищать от сажи дымоходы перед началом отопительного сезона и через каждые три месяца в течение всего отопительного сезона.

Не пользуйтесь печами, имеющими трещины, неисправные дверцы, недостаточные разделки от дымоходов до деревянных

конструкций стен, перегородок перекрытий.

Не забывайте: для отвода дыма следует применять строго вертикальные дымовые трубы без уступов. Толщина стенок дымовых каналов из кирпича должна быть не менее

120 мм.

Позаботьтесь о том, чтобы около печи был прибит предтопочный лист (размером не менее 70x50 см).

Не оставляйте без присмотра топящиеся печи, зажженные керосинки, керогазы, примусы, включенные электроннагревательные и газовые приборы.

Серьезную опасность представляет использование нестандартных самодельных отопительных приборов.

Следите за исправностью всех электробытовых приборов.

Недопустимо оставлять включенными газовые приборы без присмотра. Над газовой плитой нельзя сушить белье.

Не допускайте отогревание замерзших труб паяльной лампой или факелом.

Не оставляйте детей дома одних, когда горит газовая плита, топится камин, печь или включены электроприборы.

**Н. ДАРМАНКУЛОВ,**  
начальник ОЧС Алакольского района.

# Тұқымды егуге дайындау

Тұқымды дәрілеу дегеніміз – себілетін материалды ішкі және сыртқы өсімдік ауруларынан, егістікке себілген тұқымды және көктеп шыққан өскінді топырақ зиянкестері мен ауру таратушы микроорганизмдерден қорғау үшін химикалық заттармен зарарсыздандыру.

Жүйелі тұқым дәрілеу кезінде бірқатар зиянкестер мен ауру қоздырғыштары жойылады, сонымен қатар тұқымның өңгіштігін, көктеп шығуын тездетеді.

Тұқымды дәрілеу – дөңді дақылдардың аурулармен күресудің ең негізгі тәсілі, уланбаған тұқымды себу әр түрлі аурулардың, атап айтқанда та-

мыр шірігі, қарақүйе, сапрофитті саңырауқұлақ, зең ауруларының өсіп-өнуіне өз әсерін тигізеді. Бұл аурулардың әсерінен ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігі 20-30 пайызға азаяды, ал кейде өнімнің түсімділігі болмауы да мүмкін. Жоғарғы өнім алу және оны ұзақ сақтау үшін бұл аурулардың алдын алу аса маңызды болып табылады.

Егістік алқаптарында дөңді дақылдарда жиі кездесетін аса қауіпті аурулардың бірі – қарақүйе, тат аурулары. Олар бейімделген паразиттер болып табылады, әртүрлі белгілі дақылды зақымдайды. Өсімдік қор-

ғау саласында көктемде егілетін дөңді және техникалық дақылдардың тұқым үлгілері алынып оған фитосараптама жасалады. Сондықтан жақсы өнім алу мақсатында егілетін тұқымдарды дайындап алғанымыз тиімді.

1.Төзімді сорттарды егу, мерзімінде себу, агротехникалық шараларды қолдану.

2.Тұқымды дәрілеуді фитосараптама нәтижесі бойынша жүргізуді ұсынамыз. Бізде Қазақстан Республикасында рұқсат етілген химиялық препараттармен өңдеу жұмыстарын жүргізу қажет.

**А.И.СЕМБИНОВА,**  
**«Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ Алақөл аудандық филиалының бас фитопатологы.**

# Құттықтаймыз!

Өмірінің басым бөлігін ұлағатты жол ұстаздыққа арнаған ардақты жан, отбасының тұғырын тік, туындық көтерген әке, немерелерінің сүйікті атасы **Шахметов Байкал Нығыметұлы**н асқаралы 63 жасымен шын жүректен құттықтаймыз.

Адамгершілік шекарасынан аспаған, шәкірттерін жақсылыққа бастаған, ұл-қызын текті тұлға етіп жеткізген әкенің өмірі өнеге, еңбегі үлгіге толы. Алдағы уақытта да сол абыройыңыздың биігінде тұрақтап, қызметіңіздің жемісін, халықтың алғысын ала беріңіз.

Құтты болсын зейнеткерлік жасыңыз, Сүрінбеңіз, алға қадам басыңыз. Алпыс үшті ары аттап, әкешім, 100 жастың да биігінен асыңыз.

**Ізгі тілекпен: жары Күлімхан, ұлы мен келіні Бағдат-Мөлдір, қызы мен күйеу баласы Жарас-Әсем, немерелері Айсу, Айсана, Нұрсұлтан, Ерсұлтан, Алихан, Жұлдызай.**



# Сапа мен қолжетімділік керек

ҚР Президенті Қ.Тоқаев ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы – мемлекеттік органдар қызметін жетілдіруге арналған негізгі құжат десем артық айтпаған болармын.

Көптеген мәселеге қозғау салып, қалыңел таралынан қолдау тапқан Мемлекет басшысының тұжырымдамасын іске асыру, мемлекеттік қызметтерді сапалы ұсыну, азаматтардың өтініштерін, шағымдарын жедел әрі тиімді қарастыру және қойылған сұрақтардың шешілуін қамтамасыз ету, қызмет алушының ризашылығын арттыру бойынша кешенді іс-шаралар қабылдау және мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту мәселелері бойынша талдау жұмыстарын жүргізу барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың басты міндеті.

2023 жылы Жетісу облысында 6 091 295 мемлекеттік қызмет көрсетілген. Оның ішінде жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік қызмет (жалпы көрсетілген қызмет санының 66,6%) ұсынаса, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері 1 850 574 мемлекеттік қызмет (жалпы көрсетілген қызмет санының 30,4%) көрсеткен.

Облыстағы жергілікті атқарушы органдар көрсеткен жалпы қызмет санының 96%-ы электронды нұсқада ұсынылса, 0,7% мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілді. Ал орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мемлекеттік қызметтердің 82,5%-ын электронды түрде, 12,9%-ын мемлекеттік корпорация арқылы көрсеткенін айта кету керек.

Был жыл басынан мемлекеттік қызметтерді электронды түрде

алу тәртібін үйрету бойынша өткен 1430 іс-шараға 330 392 тұрғын қатысты. Оның ішінде электрондық мемлекеттік қызмет алушы халық арасында насихаттау үшін телеарнада 6 бағдарлама көрсетіліп, мерзімді баспасөзде 179 мақала жарық көрді. Одан бөлек, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру үшін Департамент бастамасымен халықпен кеңестіріп байланыс орнатуды, мемлекеттік қызмет көрсету саласында ашықтықты және есептілік қағидаттарын іске асыруды, мемлекет пен халық арасында сындарлы қоғамдық диалог орнатуды мақсат ететін «QYZMET LIVE» жобасы жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, аудан, қала әкімдері аппараттарының фейсбук, Instagram сынды әлеуметтік желі парақшаларында 57 564 жазылушы қамтылған 113 тікелей эфир жүргізілді. Тікелей эфир барысында қызмет алушылардың 193 сұрағына тиісті жауап берілді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы бекіткен Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету саласында ашықтық және есептілік қағидаттарын іске асыру, халықпен кеңестіріп байланыс орнату мақсатында өңірлік мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласының жай-күйі мен жағдайы туралы «Елге қызмет» арнайы телеарналық бағдарламасын барлық қала мен облыс орталықтарында ашу тапсырылған болатын. Бүгінде облыс әкімдігі мен «Жетісу» ТРК қолдауымен «Елге қызмет» бағдарламасы жұмыс істейді.

Сондай-ақ, Департамент пен халық арасында электрондық қызметтерді алуды насихаттау бойынша белсенді жұмыстар жүргізіліп

отыр. Электрондық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында облыста ашылған 1 051 өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышының 742-сі аудан орталықтарында, 125-і ауылдарда орналасқан. Осы бұрыштар арқылы 84 684 мемлекеттік қызмет көрсетіліп келді.

Көрсетілетін қызметті алушылар үшін қолайлы жағдай жасау үшін 2018 жылдан бастап 13 сервистік әкімдік ашылған болатын. Оның ішінде 3 сервистік әкімдік Қаратал ауданының Бастөбе ауылында, Сарқан ауданының Черкасқ ауылында, Алақөл ауданының Қабанбай ауылында құрылды. Бүгінгі күні «сервистік әкімдіктер» арқылы 10 950 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Бір айта кетерлігі, атқарылып жатқан іс бір орнында тоқтап қалған жоқ. Жыл сайын заң талаптары да жетілдіріліп, түрлі өзгерістерге орын берілуде.

Бүгінде Агенттік басшылығының тапсырмасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үдерісін реттеуге бағалау жүргізу кезінде құқықтық қайшылықтар мен олқылықтарға, бизнес-процестердің тиісінше реттелмеуіне, әкімшілік кедергілерге және артық талаптарға, сәйкессіздікке және лингвистикалық белгісіздікке назар аударылып, ақпараттық жүйелердің мониторингі жүргізіледі.

Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер саласында мониторинг жасалды және денсаулық, әлеуметтік салаларына талдау жүргізіліп, қорытындысы бойынша тиісті ұсыныс енгізілді.

**Айнұр МЕЙРХАНОВА,**  
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары.**

## Хабарландыру

Өскемен қаласынан келген дәрігерлер ақылы кеңес (кон-сультация) өткізеді:  
- Нейрохирург - Уәп Жандос Талғатұлы;  
- Тамырлы хирург, проктолог, жалпы хирург - Бегалинов Жасұлан Берікұлы;  
- Эпилептолог, невролог, паркинсонолог - Панчулидзе Татьяна Резоевна;

- Кардиолог, аритмолог Кылышбекова Адиля Адильбековна;  
- Өтетін мекенжайы: Үшарал қаласы, Д.Қонаев көшесі 62, Сәуірдің 7-сі, сағат 12:00-ден қабылдау басталады.  
Толық ақпарат және ақылы консультацияға жазылу: 8-771-353-33-99.  
Ақылы консультация бағасы: 6000 тг.

## Құжат жоғалту

24.08.1994 жылы туған **Нұрболатов Нұржан Рамазанұлының** атына берілген бала денсаулығы кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қарабұлақ ауылының тумасы, Алақөл ауданының Құрметті азаматы, аудандық Ауған соғыс ардагерлері қоғамының төрағасы, жақсылыққа бастайтын, жаны жайсаң, пейілі кең, асқар тау әкеміз **Қойшыманов Өмірсерік Төлегенұлы** 3-ші сәуір күні 63 жасқа толып, зейнеткерлікке шығып отыр. Әкемізді шын жүректен мерейлі мерекесімен құттықтап, өмірдің ең төтті сәттерін, шуақты күндерін тілейміз.

Ұл-қызының сезінумен арманын, Әке-асқар тау ойлайтұғын жан-жағын. Қуанышпен құттықтаймыз бүгін біз, Әкеміздің 63-ке толғанын.

Ақтара алсақ ақ тілектің сандығын, Шаттық ойнап атсыншы аппақ таң бүгін. Құтты болсын, әке туған күніңіз, Тілейміз біз жан мен тәннің саулығын!

Өткен шақтан қалды сізге бүгін із, Сәтті күндер болсын әрбір күніңіз. Немерелердің қызықтарын қызықтап, Ортамызда аман-есен жүріңіз!

**Ізгі тілекпен: Жұбайы Бахыт, ұлы мен келіні Жасұлан-Гүлнұр, қызы мен күйеу баласы Сакен-Жұпар, немерелері.**

# Қоқыс жаққанда абай болыңыздар!

Қазіргі ТЖБ қызметкерлері өрттің алдын алу, кездескен зардаптардың зиянын жою, тағы басқа істерді аудандық құқық қорғау, ауылдық әкімшілік, қоғамдық бірлестіктермен және азаматтармен бірлесіп атқаруда.

Азаматтардың тұрғын үй секторын аралаған кезде көптеген өрт қауіпсіздігін бұзулар айқындалады, сол кемшіліктерден басым көпшілік өрттер тұрғын үйлерде болады және ойламаған жерде адам шығынына әкелуі мүмкін.

Өкінішті жағдайдың алдын алу, оны болдырмау, көп жағдайларда, әр адамның және қоғамның өз қолында, өрте қарсы ережелерді біліп қана қоймай, оны күнделікті естен шығармай орындағанда ғана өкінішті жағдайлар болуына себеп болмайды.

**І.ЕРЖАНАТҰЛЫ,**  
**Алақөл ауданы ТЖБ-ның аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.**



**Меншік иесі:**  
**«Алақөл айнасы» ЖШС-і.**  
**Құрылтайшы:**  
**Ғалым АЗАТҰЛЫ**  
**Директор - Ғалым Азатұлы**  
**Бас редактор - Алмат ЕСЕНБЕКОВ.**

**Телефондар:**  
**Директор: 3-52-63**  
**Бас редактор: 3-52-68**  
**Бас редактордың орынбасары: 3-51-74**  
**E-mail: alakred@mail.ru**  
**Сайт: alakol-aynasy.kz**

Газет аптасына бір рет сенбі күні қазақ және орыс тілдерінде шығады  
Газета выходит один раз в неделю в субботу на казахском и русском языках

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2021 жылғы 24 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ34VPY00044522 куәлігі берілген.

Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129.  
ИНДЕКС: 040200.  
**Осы шығарылымның таралымы 3260**